



№ 1 Педагогикалық кеңес
отырысында қаралды

21.08.2020ж.

2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Татенова С.Г.

Тәрбие ісі меңгерушісі:

Ишмухаммедова У.Т

Тәрбие ісі меңгерушісі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 қаулысымен бекітілген «Барлық білім беру ұйымдарындағы оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын» басшылыққа ала отырып мектепте төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілу жоспарлануда.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

2. Рухани – адамгершілік тәрбие

3. Ұлттық тәрбие

4. Отбасылық тәрбие

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектептегі тәрбие жүйесінің құрамы :

- Әлеуметтік – педагогикалық қызмет;
- Психологиялық – педагогикалық қызмет;
- «Ата-аналар университеті» ата-аналармен жұмыс;
- Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы;
- «Жасұлан» ұйымы және өзін-өзі басқару жүйесі;
- Салауатты өмір салты «Деңсаулық» орталығы;
- Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесі;
- «Намыс» ұлдар клубы;
- «Көркем» қыздар клубы,

- Мектептен тыс мекемелермен байланыс жұмыстары
- Кітапхана жұмысы
- Мектеп медбике жұмысы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы білім алушылардың өзін-өзі тануын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары жүйесін білім беру ұйымының жалпы ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Жоспарды жүзеге асыруға мектептің күзет қызметі мен техникалық қызметкерлерінен бастап, мұғалімдер мен директордан аяқтап, барлық қызметкерлер өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс. Әкімшілік мүшелері, мұғалімдер, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, ата-аналар және басқалар өздері оқушыларға еліктеудің үлгісі бола отырып – зиянды әдеттерсіз, балаларға және бір-біріне мейрімді; қарым-қатынаста ашық және сынамайтын құндылықтар дарытады.

Бұл бағдарламаны білім беру ұйымы білім алушылардың ата-аналарымен, әлеуметтенудің басқа нысандарымен – тәрбие жұмысының негізгі бағыттары аясында білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тығыз байланыста және ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім алушылардың рухани-адамгершілігін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарына оқу, сабақтан тыс және қоғамдық маңызды жұмыстарын ұйымдастыру жатады.

Білім алушыларды тәрбиелеу бағдарламасы шеңберіндегі әр түрлі іс-әрекеттерінің мазмұнын кіріктіру тәрбие беру мұраттары мен құндылықтары негізінде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

I. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық камтамасыз ету

1. «Қазақстандағы балалар мен жас өспірімдер қозғалысы: тәжірибе, бастамалар, әлеуметтендіру» әдістеме;

2. «Тәрбиелік іс-шара: алға қойылған мақсатқа жету деңгейін өлшеу критерийлер» әдістемелік ұсынымдар;
 3. «Саналы азамат»-оқушының білім алуы мен кәсіби дамуының жеке бағыттары- әдістемелік ұсынымдар;
 4. Білім беру саласындағы волонтерлік пен қайырымдылық және олардың білім беру жүйесін жаңғыртудағы ролі- әдістемелік ұсынымдар;
 5. Білім беру ұйымдарда «Тұған жер» бағдарламасы арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмін бойынша әдістемелік ұсынымдар;
 6. «Рухани жаңғыру-қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасының рухани-құндылық бағдарлары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу»- әдістемелік ұсынымдар
 - 7.«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының әдістемелік ұсынымдары
- III. Мектептегі сабақ және сабақтан тыс жұмыстар тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүзеге асырылады, олар келесі құндылықтар жүйесін құрайды:**

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|----|---|--------------------------------|------------------|-----------------|
| 1. | Бағыты : Жана қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты : Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру. | | | |
| 1 | «1 қыркүйек – Білім күні» алғашқы қоңырау | Онлайн сап түзеу, жазбаша есеп | Сынып жетекшілер | Қыркүйек |

| | | | | |
|---|---|-----------------------|--|-----------|
| 2 | «Үштұғырлы тіл-заман талабы» Қазақстандағы тілдер апталығы | Жазбаша есеп | Тіл мамандары: Жунусова А.К., Абилсейтова Б.К., Дуйсеманова У.Ж. | Қыркүйек |
| 3 | «Мемлекеттік қызмет - елдің мүддесіне адал еңбек» жемқорлыққа қарсы | Сынып сағаты | Сынып жетекшілер, Құқық пәні мұғалімі: Қадырова Б.К. | Қазан |
| 4 | «Елбасы – ұлт көсемі» | Танымдық апталық | Сынып жетекшілер, Тарих пәні мұғалімі: Қадырова Б.К. | Желтоқсан |
| 5 | «Тәуелсіздік – тірегім» | Мерекелік іс-шара | Сынып жетекшілер, Тарих пәні мұғалімі: Қадырова Б.К. | Желтоқсан |
| 6 | «1 мамыр- Қазақстан халықтарының ынтымағы күні» | Салтанатты шеру | Сынып жетекшілер, ДТТЖО | Мамыр |
| 7 | «Батыр біздің ағалар» | Ардагерлермен кездесу | АӘД пәні мұғалімі: Баббекова А.С., аға тәлімгер | Мамыр |
| 8 | «Ұлы дала мұрагерлері» | Ғылыми жоба | Тарих, география, еңбек, дінтану, өлкетану, құқық, қазақ тілі пәні мұғалімдері | Сәуір |

2. Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске

| асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру. | | | | Қыркүйек |
|--|--|-------------------------------------|---|----------|
| 1 | «Абайды оқы, танырқа!» | Онлайн поэзия клубының отырысы | Тіл мамандары: Жунусова А.К., Абилсеитова Б.К., Дуйсеманова У.Ж. | Қыркүйек |
| 2 | «Үлкендерден-ұлағат» | Мерекелік құттықтау | Сынып жетекшілер, аға тәлімгер, әлеуметтік педагог | Қазан |
| 3 | «Иманжүсіп тұлғасы – қаһармандық үлгісі» | Аудандық Иманжүсіп оқулары | Тіл мамандары: Хусайн Қ., Мажитова Д.У., Дуйсеманова У.Ж. | Қазан |
| 3 | «Ұстазым менің, ұстазым!» | Құттықтау челеңді | Сынып жетекшілер, аға тәлімгер | Қазан |
| 4 | «Ерлік ел есінде» | Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу | АӘД пәні мұғалімі: Баббекова А.С. | Ақпан |
| 5 | «Махаббат және сүйспеншілік» | Өзін-өзі тану пәнінің апталығы | Сынып жетекшілер, Өзін-өзі тану пәні мұғалімдері | Ақпан |
| 6 | «Кітап оқу сәні» | Отбасымен кітап оқу челеңді | Кітапханашылар, Сынып жетекшілер | Қаңтар |
| 3. Бағыты: Ұлттық тәрбие | | | | |
| Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау. «Намыс» ұлдар клубы мен «Көркем» ұлдар клубының жұмысын дамыту | | | | |
| 1 | «Ұлттық сана-ұлттық ойын арқылы» | Онлайн челеңді | Дене шынықтыру пәні | Қыркүйек |

| | | | | | |
|---|--|--|---|------------------|--------------|
| | | | мұғалімі: Байлау Ж. | | Жоспарға сай |
| 2 | «Біз –діни экстремизмге қарсымыз» | Тәрбие жұмыстары | Дінтану пәні мұғалімдері: Қалдырбаева Б.К., Ташетова Н.Б. | | |
| 2 | «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» | Отбасылық сайыс | ДТЖО, психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер | Қаңтар | |
| 3 | «Наурыз- нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні ! | Салт-дәстүр апталығы | ДТЖО, сынып жетекшілер, кітапханашы, музыка пәні мұғалімі технология пәні мұғалімі:Койшыбаева Б.К. | Наурыз | |
| 4 | Жүз жаңа есім жобасының қаһармандары ұлттың алтын қоры» | Аудандық көлемінде кездесу | Татенова С.Т Ишмухаммедова У.Т | Сәуір | |
| 4. Бағыты: Отбасылық тәрбие | | | | | |
| Мақсаты: ата-аналарға тәрбие негіздері туралы білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру, «Ата-аналар» университетінің жұмысын қолға алу | | | | | |
| 1 | «Менің отбасым – сыйластық орнаған ортам» | Онлайн оқыту жағдайында ата-аналарға психологиялық кеңес | Мектеп психологтары: Ташетова Н.Б., Қуан Ұ. | Қыркүйек | |
| 2 | «Бала тәрбиесі – отбасы мен мектептің ажырамас бөлігі» | Жалпы ата-аналар жиналысы | ДТЖО, сынып жетекшілер, психолог | Қараша, сәуір | |

| | | | | |
|--|---|-----------------------------------|--|--------------|
| 3 | «Дені сау ұлттың кілті-салауатты өмір салтында» | Отбасылық қысқы спорт ойындары | Аға тәлімгер, сынып жетекшілер дене шынықтыру пәні мұғалімі: Байлау Ж. | қаңтар |
| 4 | «Әке-асқар тау» | Әкелер конференциясы | ДТЖО, сынып жетекшілер, психологтар | Ақпан |
| 5 | «Анамызға –мың алғыс» | Театрландырылған-сазды бағдарлама | ДТЖО, сынып жетекшілер, психологтар, аға тәлімгер | Наурыз |
| 5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | | | | |
| Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тулғаның экологиялық мәдениетін дамыту. | | | | |
| 1 | «Күз-мереке, күз-береке» | Экологиялық апталық | Жаратылыстану пәні мұғалімі: Мұратхан А., аға тәлімгер, технология пәні мұғалімі:Койшыбаева Б.К. | Қазан |
| 2 | «Қамқор тобы-сізбен бірге» | Тимуришылар тобы | Аға тәлімгер | Тоқсан сайын |
| 3 | «Жер планетасы-біздің ортақ үйіміз» | Сенбілік | ДТЖО, сынып жетекшілер | Сәуір |
| 4 | «Жасыл ел» | Мектеп алдына көшет отырғызу | Биология пәні мұғалімі: Назтан А.Б | Мамыр |
| 6. Бағыты: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу | | | | |
| Мақсаты: әрбір тулғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көпбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның | | | | |

ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

| | «Ұлағат журналы-мектеп айнасы» | Газет шығару | Редактор: Сердалиева Ж.К. | Ай сайын |
|---|---|--------------------------------------|--|-----------------|
| 1 | «Ақиқат» дебаттық клубы | Клубтың жылдық жұмысы | Клуб жетекшісі: Кенжалы А.Қ. | Жоспарға сәйкес |
| 2 | «Күлкі – жанның шипасы» | КТК сайысы | Аға тәлімгер | Қараша |
| 3 | "Сынып жетекшісі-тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы» | Сынып жетекшілер сайысы | ДТЖО | Қаңтар |
| 4 | «Жанартылған білім беру мазмұны аясында тәрбие жұмысын ұйымдастыру жолдары» | Аудандық әдістемелік семинар | ДТЖО | Сәуір |
| 5 | «Зерде» клубы | Пәндер бойынша интеллектуалдық сайыс | ДТЖО, Пән бойынша бірлестік жетекшілері Айқынбаева М.М | Тоқсан сайын |

7. Бағыты: Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлдық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.

| | Сынып сағаты | Сынып жетекшілер | Қыркүйек |
|---|----------------------------------|---|-----------|
| 1 | «Жолдан –абай бол!» | Сынып жетекшілер | Жыл бойы |
| 2 | «Жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» | Мектеп психологтары: Ташетова Н.Б., Қуан Ұ. | Қараша |
| 3 | «Ерте жүктілікті алдын алу» | Мектеп медбикелері | Желтоқсан |
| 4 | «Жасыл шырша жанында» | ДТЖО, сынып жетекшілер, аға тәлімгер | |

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|-----------------|
| 5 | «Қыз еркем-мінезімен көркем» | Қыздар клубының жұмысы | Қыздар клубының жұмысы | Қыздар клубы жетекшісі: Самарханова Э.Г. | Жоспарға сәйкес |
| 6 | «Намыс» | Ұлдар клубының жұмысы | Ұлдар клубының жұмысы | Жетекшісі: Бахытхан О. | Жоспарға сәйкес |
| 7 | «Мектепке тағзым» мектебіміздің 20 жылдық мерейтойына орай мерекелік кездесу | Түлектермен кездесу | Түлектермен кездесу | ДТЖО, аға тәлімгер, психолог, әлеуметтік педагог | Мамыр |
| 8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | | | | | |
| Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру. «Салауатты өмір салты және Денсаулық» орталығы жұмысына сәйкес атқарылады. | | | | | |
| 1 | «Шынықсан шымыр боласын!» | Танымдық бейнеролик жасау | Танымдық бейнеролик жасау | Дене шынықтыру пәні мұғалімі: Байлау Ж. | Қыркүйек |
| 2 | «Эстафеталық жарыс» | Сайыс | Сайыс | Дене шынықтыру пәні мұғалімі: Байлау Ж. | Қараша |
| 3 | «Ту ұстаушылар» | Сайыс | Сайыс | АӘД пәні мұғалімі: Бабабекова А.С. | Желтоқсан |
| 4 | «Мылтық ату» | Сайыс | Сайыс | АӘД пәні мұғалімі: Бабабекова А.С. | Қаңтар |
| 5 | «Қысқы спорт түрлерінен эстафеталық жарыс» | Сайыс | Сайыс | Дене шынықтыру пәні мұғалімі: Байлау Ж. | Ақпан |
| 6 | «Тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат жарысы» | Жібек жолы ауылы мектептерінің арасында турнир өткізу | Жібек жолы ауылы мектептерінің арасында турнир өткізу | Дене шынықтыру пәні мұғалімі: Байлау Ж. | Наурыз |

| | | | | |
|---|-----------------------|------------------------------|---|-------|
| 7 | «Әскери саптық әндер» | Сайыс | АӨД пәні мұғалімі: Бабабекова А.С. | Мамыр |
| 8 | «Эко жүгіру» | Мектепшілік жүгіру сайысы | Дене шынықтыру пәні мұғалімі: Байлау Ж. | Мамыр |